ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2022 жылғы 10 қазан №5294-22-00-4/1104 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында:
төрағалық етуші судья М.А. Муздыбаева,
сот отырысының хатшысы Е.Пернеханың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша әкімшілік істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Департамент);
2. «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Басқарма).

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. 2022 жылғы 16 мамырдағы №611010000-4-7-172400, №611010000-4-7-172401 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларын заңсыз деп тану;
2. №7015079-1 және №7015310-1 санды қорытынды хаттамаларын заңсыз деп танып, қайта қарауды міндеттеу туралы.

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒА:
«Шаңырақ-XXI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Т:Төрехан;
жауапкер Басқарма өкілі С.Баймаханов;
жауапкер Департамент өкілі К.Бейсенбай;
мүдделі тұлға өкілі Ж.Бегалиев;
прокурор Д.Абдибай.

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 01.11.2022

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Ұйымдастырушы «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 25 наурыз 2022 жылы №7015079-ОК1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»» және №7015310-ОК1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» ашық электрондық мемлекеттік сатып алу конкурстары жарияланған.

Аталған конкурстар бойынша 7 әлеуетті өнім берушілер конкурстық өтінімдерін тапсырған.

Қорытындылар туралы хаттамаларға сай конкурстық комиссия №7015079-ОК1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»» және №7015310-ОК1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» конкурстар бойынша «SCS Инжиниринг» жеңімпаз деп танылған.

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 16 мамырдағы №611010000-4-7-172400, №611010000-4-7-172401 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалары негізінде ұйымдастырушыға конкурсты қайта қарау жүктелген.

Жоғарыда көрсетілген хабарламалар негізінде ұйымдастырушы тарапынан жарияланған ашық конкурстар бойынша қорытынды хаттамалар қайта қаралып, 13 шілде 2022 жылғы қорытындылар туралы №7015079-1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»» және №7015310-1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» нысандары бойынша «Шаңырақ-XXI» ЖШС-гі жеңімпаз болып табылған.

Жоғарыдағы қорытынды хаттамалары бойынша келісім-шарттар түзілмеген.

Талап қоюшы көрсетілген талап қою арызымен сотқа жүгініп, онда алғашқы өткізілген конкурс бойынша талап қоюшы жеңімпаз болып табылғанын, хабарламалар негізінде қорытынды хаттамалар қайта қаралғанын, қайта қарау хаттамалары бойынша жеңімпаз «Шаңырақ-XXI» ЖШС-нің жұмыс өтілі 3,2% аспайтынын, сонымен қатар конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде салыстырмалы созылу аккредиттелген аймақтары бар аккредиттелген сынақ зертханасымен ниет келісім-шарты ұсынылуы талап етілген, алайда конкурстық комиссия тарапынан «Шаңырақ-XXI» ЖШС-нің көрсетілген келісім-шарт ұсынылмағанын негізге алмағанын, жеңімпаздың өтінімі біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін бола тұра, олар жеңімпаз болып

Құжатқа қол қойылған: Мұздыбаева М. А., 01.11.2022

танылғанымен, конкурстық комиссия оны конкурстарға қатысуға шектегенімен негізделген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Т.Төрехан талап қою арызын толық қолдап, оны талап қою арыздарында көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды сұрады.

Сотта жауапкер Басқарма өкілі С.Баймаханов талап қою арызын мойындамай, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкер Департамент өкілі К.Бейсенбай талап қою арызымен келіспей, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Мүдделі тұлға өкілі Ж.Бегалиев талап қою арызын ішінара мойындап, келісім-шарт ұсынылмағаның, алайда әлеуетті өнім берушінің жұмыс өтілі жеткілікті екендігін көрсетіп, талап қоюды сот қарауына қалдырды.

Прокурор Д.Абдибай талап қою арыздарын толық қанағаттандырусыз қалдыру жайлы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1 талап бойынша.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (әрі қарай - Қағида) 244-250 тармақтарына сай, конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде конкурстық комиссия осы конкурста сатып алынатын жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайды.

Конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 243-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды.

Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс нысанасы болып

Құжатқа қол қойылған: Мұздыбаева М. А., 01.11.2022

табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын жұмыстардың ұқсас (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде жұмыстардың ұқсас (ұқсас) түрлері бойынша біреуден көп жұмысты орындаған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (ұқсас) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2%) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жұмыстар деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Іс құжаттарына қарағанда, Ұйымдастырушы «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №7015079-ОК1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»» және №7015310-ОК1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» ашық электрондық мемлекеттік сатып алу конкурстары жарияланған.

Аталған конкурстар бойынша бірнеше әлеуетті өнім берушілер конкурстық өтінімдерін тапсырған.

Қорытындылар туралы хаттамаларға сай конкурстық комиссия №7015079-ОК1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»» және №7015310-ОК1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» конкурстар бойынша «SCS Инжиниринг» жеңімпаз деп танылған.

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 16 мамырдағы №611010000-4-7-172400, №611010000-4-7-172401 санды камералдық бақылау нәтижелері

Құжатқа қол қойылған: Мұздыбаева М. А., 01.11.2022

бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалары негізінде ұйымдастырушыға конкурсты қайта қарау жүктелген.

Жоғарыда көрсетілген хабарламалар негізінде ұйымдастырушы тарапынан жарияланған ашық конкурстар бойынша қорытынды хаттамалар қайта қаралып, 13 шілде 2022 жылғы қорытындылар туралы №7015079-1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»» және №7015310-1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» нысандары бойынша «Шаңырақ-XXI» ЖШС-гі жеңімпаз болып табылған.

Сотта анықталғандай, «Шаңырақ-XXI» ЖШС-нің конкурстық құжаттарына сай уәкілетті орган хабарламалар негізінде конкурстық комиссия 1,8% жұмыс өтілі дұрыс есептелмегенін, ұсынылған құжаттар негізінде жалпы 9 объекті бойынша 5% жұмыс өтілі есептелуге жататындығын дұрыс анықтаған.

Осыған орай, талап қоюшының қайта қарау хаттамалары бойынша жеңімпаз «Шаңырақ-XXI» ЖШС-нің жұмыс өтілі 3,2% аспайтыны жөніндегі уәждері өз негізін таппады.

Сондықтан, Департамент тарапынан хабарламалар «Шаңырақ-XXI» ЖШС-нің жұмыс өтіліне қатысты дұрыс жолданғандықтан, оны заңсыз деп тануға негіз жоқ.

Сотта анықталғандардың негізінде, талап қоюшының талап қою арызының 2022 жылғы 16 мамырдағы №611010000-4-7-172400, №611010000-4-7-172401 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларын заңсыз деп тану бөлігінде қанағаттандырылуға жатпайды.

2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің 84-бабының 1-тармана сай, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасын бұзу, егер мұндай бұзу дұрыс емес әкімшілік акт қабылдауға алып келсе не алып келуі мүмкін болса, әкімшілік актіні заңсыз деп тану үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 4-бабының 1,2,3,4-тармақшаларында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидаттарына негізделетіні көзделген.

Құжатқа қол қойылған: Мұздыбаева М. А., 01.11.2022

.

Іс құжаттарына қарағанда, 13 шілде 2022 жылғы қорытындылар туралы №7015079-1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»» және №7015310-1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» нысандары бойынша «Шаңырақ-XXI» ЖШС-гі жеңімпаз болып табылған.

Заңның 21-бабының 2-бөлігінің 2) тармағына сай, конкурстық құжаттамада осы Заңның 9-бабында белгіленген біліктілік талаптарынан басқа, мыналар: сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, техникалық өзіндік ерекшелік қамтылуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелікте өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылуға тиіс.

Қағиданың 238-тармағының 2) тармақшасына сай, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: техникалық ерекшелікті ұсынбау; әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы.

Конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінің 13- қосымшасы бойынша салыстырмалы созылу аккредиттелген аймақтары бар аккредиттелген сынақ зертханасымен ниет келісім-шарты ұсынылуы талап етілген.

Сотта анықталғандай, жарияланған конкурстар бойынша «Шаңырақ-XXI» ЖШС-гі конкурстық өтінімінде талап етілген созылу аккредиттелген аймақтары бар аккредиттелген сынақ зертханасымен ниет келісім-шартын ұсынбаған.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкер конкурстық құжаттарына сай келмегендігіне қарамастан оның өтінімі конкурсқа заңсыз жіберіліп, жеңімпаз деп танылған.

Бұл көрсетілген талаптар бойынша «Шаңырақ-XXI» ЖШС-нің техникалық ерекшелік бойынша талап етілген келісім-шарты жоқ екендігін сот отырысында ұйымдастырушының, жеңімпаз мекеменің өкілдері де жоққа шығармады.

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 01.11.2022

Жоғарыда анықталғандардың нәтижесінде әлеуетті өнім беруші «Шаңырақ-XXI» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа заңсыз жіберілгендігі өз дәлелін тапты.

Конкурс бойынша жеңімпаздарды анықтаған кезде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың аталған қағидаттары өрескел бұзылған.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының әкімшілік талап қою арызының бұл бөлігінде қанағаттандырылуға, №7015079-1 және №7015310-1 санды қорытынды хаттамаларын заңсыз деп танылуға жатады деп санайды.

ӘРПК-нің 84-бабының 3-тармағына сай, заңсыз әкімшілік актінің күші жойылған кезде әкімшілік актіні заңсыз деп танудың заңды салдары туралы шешім қабылданады.

Әкімшілік акт қабылданған кезден бастап та, ол заңсыз деп танылған кезден бастап та жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Осы себептерге байланысты талап қоюшының ұйымдастырушыны конкурстарды қайта қарауды міндеттеу жайлы талаптары заңды және негізді.

Әділеттілік пен парасаттылық өлшемдерін басшылыққа алып, сот талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады деп тапты.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ӘРПК-нің 151-152 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментті» республикалық мемлекеттік мекемесіне, «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне 2022 жылғы 16 мамырдағы №611010000-4-7-172400, №611010000-4-7-172401 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларын заңсыз деп тану, №7015079-1 және №7015310-1 санды қорытынды хаттамаларын заңсыз деп танып, ұйымдастырушыға қайта қарауды міндеттеу туралы – талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің №7015079-1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»»; №7015310-1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» ашық электрондық мемлекеттік сатып алу конкурстары бойынша қорытынды туралы хаттамалары заңсыз деп танылсын.

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне №7015079-1 ««Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, Қақпақ ауылында фельдшерлік акушерлік пунктінің құрылысы»;

Құжатқа қол қойылған: Мұздыбаева М. А., 01.11.2022

№7015310-1 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а/о, Ынталы ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы» ашық электрондық мемлекеттік сатып алу конкурстары бойынша қорытынды туралы хаттамаларын қайта қарау міндеттелсін.

Талап қоюшы «SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне 2022 жылғы 16 мамырдағы №611010000-4-7-172400, №611010000-4-7-172401 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламларын заңсыз деп тану туралы бөлігінде талап қою арызы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті.

Егер соттың шешімінде белгілеген мерзімде ол ерікті түрде орындалмаған жағдайда жауапкерге елу айлық көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алу қолданылады.

Шешімге наразы жақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің 168-бабының, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының әкімішілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімішілік соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **М.А.Муздыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 01.11.2022